**"Базалық көрсеткіштер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 166 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 761 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 желтоқсанда № 12683 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 104 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 19.12.2018 № 104 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, мемлекеттік бағдарламаларды, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын, аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу, іске асыру, мониторинг жүргізу, бағалау және бақылау, сондай-ақ Елді аумақтық кеңістікте дамытудың болжамды схемасын әзірлеу, іске асыру және бақылау қағидаларының 181-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Базалық көрсеткіштер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 166 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 10103 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 30 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Базалық тізбенің негізінде Аумақтарды дамыту бағдарламаларын келісуді жүргізсін";

Базалық нысаналы индикаторлар тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Өңіраралық ынтымақтастық, өңірлерді талдау және бағалау департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі Е. Досаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 761 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2014 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 166 бұйрығымен бекітілген

# Базалық нысаналы индикаторлардың тізбесі

| р/с № | Нысаналы индикаторлар | Өлшем бірлігі | Есептілікті қалыптастыру мерзімі | Ақпарат көзі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **Бағыты: экономика** | | | | |
| **Өңірлік макроэкономика** | | | | |
| 1 | Жалпы өңірлік өнімнің нақты көлемінің индексі | % | сәуір (жедел) тамыз (жылдық) | ресми статистикалық деректер |
| 2 | Халықтың жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім | адамға/мың теңге | сәуір(жедел) тамыз (жылдық) | ресми статистикалық деректер |
| 3 | Жергілікті бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдердің өсу қарқыны | % | ақпан (жылдық) | ҚР Қаржыминінің ведомстволық есептілігі |
| **Өнеркәсіп *** | | | | |
| 4 | Өңдеу өнеркәсібіндегі өнім шығарудың нақты көлемінің индексі | % | қаңтар(жедел) маусым (жылдық) | ресми статистикалық деректер |
| 5 | Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі | | сәуір(жедел) | "ИИДМБ көрсеткіштері" |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | адам/ мың АҚШ доллары | тамыз (жылдық) | статистикалық бюллетені |
| 6 | Өндірілген электр энергиясының жалпы көлеміндегі энергияның жаңартылған көздерінен өндірілген электр энергиясының үлесі | % | ақпан(жылдық) | ҚР ЭМ ведомстволық есептілігі |
| **Агроөнеркәсіптік кешен*** | | | | |
| 7 | Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына тартылған инвестициялардың нақты көлемінің индексі** | % | қаңтар(жедел) маусым (жылдық) | ресми статистикалық деректер |
| 8 | Тамақ өнімдері өндірісінің негізгі капиталына тартылған нақты көлемінің индексі | % | қаңтар(жедел) маусым (жылдық) | ресми статистикалық деректер |
| 9 | Ұйымдастырылған шаруашылықтардағы ірі қара мүйізді және ұсақ қара мүйізді мал басының үлесі** | % | сәуір (жылдық) | ҚР АШМ ведомстволық есептілігі |
| 10 | Тұқымды өзгерістерге қатысатын ірі қара мүйізді және ұсақ қара мүйізді мал үлесі** | % | ақпан (жылдық) | ҚР АШМ ведомстволық есептілігі |
| 11 | Мерзімі бұзылып берілген субсидиялар үлесінің төмендеуі | % | ақпан (жылдық) | ҚР АШМ ведомстволық есептілігі |
| **Шағын және орта бизнес, сауда** | | | | |
| 12 | Тіркелген жалпы көлемдегі шағын және орта кәсіпкерліктің қолданыстағы субъектілерінің үлесі | % | қаңтар (жедел) қараша (жылдық) | ресми статистикалық деректер |
| 13 | Бөлшек сауданың нақты көлемінің индексі | % | қаңтар (жедел) шілде (жылдық) | ресми статистикалық деректер |
| 14 | Сауда алаңы 2000 шаршы метрден кем емес сауда объектілерінің санын ұлғайту ("Бөлшек сауда" қызметі түрімен) | бірлік | шілде (жылдық) | ресми статистикалық деректер |
| **Өңіраралық ынтымақтастық** | | | | |
| 15 | Басқа өңірлерге жөнелтілген өндірілген өнім көлемі (жұмыскерлер саны 50 адамнан астам өнеркәсіптік кәсіпорындар бойынша) | мың теңге | маусым (жылдық) | ресми статистикалық деректер |
| 16 | Басқа облыстың резиденттері мен резиденттер еместерінен сатып алынған тауарлардың жалпы қарағанда басқа өңірлерде сатып алынған тауарлардың үлес салмағы (жұмыскерлер саны 50 адамнан астам көтерме кәсіпорындар бойынша) | % | шілде (жылдық) | ресми статистикалық деректер негізінде ЖАО есептері |
| **Инновациялар мен инвестициялар** | | | | |
| 17 | | % | қаңтар (жедел) | ресми статистикалық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Халықтың жан басына шаққандағы негізгі капиталға инвестициялардың өсу қарқыны | | маусым (жылдық) | деректер негізінде ЖАО есептері |
| 18 | Негізгі капиталға инвестициялардың жалпы көлеміндегі сыртқы инвестициялардың үлесі | % | қаңтар (жедел) шілде (жылдық) | ресми статистикалық деректер |
| 19 | Шикізаттық емес секторының негізгі капиталына салынған инвестицияның 2015 жылға өсуі (мемлекеттік бюджеттен инвестицияларды қоспағанда) | % | сәуір (жедел) шілде (жылдық) | ресми статистикалық деректер негізінде ЖАО есептері |
| 20 | Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың ішіндегі инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі | % | қантар (жедел) мамыр (жылдық) | ресми статистикалық деректер |
| 21 | Жалпы өңірлік өнімнің жалпы көлеміндегі инновациялық өнімнің үлесін ұлғайту | % | қантар (жедел) мамыр (жылдық) | ресми статистикалық деректер негізінде ЖАО есептері |
| **Бағыты: Әлеуметтік сала** | | | | |
| **Білім беру** | | | | |
| 22 | Жұмыс істеп тұрған авариялық және үш ауысымдық мектептер саны | бірлік | қараша (жылдық) | ҚР БҒМ әкімшілік деректер |
| 23 | Жаратылыстану-математика пәндері бойынша мектеп бітірушілердің арасында білім беру бағдарламаларын табысты (өте жақсы/жақсы) меңгерген оқушылардың үлесі | % | қараша (жылдық) | ҚР БҒМ әкімшілік деректер |
| 24 | Мүмкіндіктері шектеулі балалардың жалпы санының ішінде балалардың инклюзивтік біліммен қамтылуы | % | қараша (жылдық) | ҚР БҒМ әкімшілік деректер |
| 25 | Балаларды (3-6 жас) мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту | % | қараша (жылдық) | ҚР БҒМ әкімшілік деректер |
| 25.1 | оның ішінде жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар желілерін дамыту есебінен | | | |
| 26 | 15-28 жастағы жастардың жалпы санындағы NEET үлесі, % (NEET – ағыл. Not in Education, Employment or Training) | % | сәуір (жылдық) | ресми статистикалық деректер |
| 27 | Мемлекеттік тапсырыс бойынша техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары түлектері мен оқуды аяқтағаннан кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналастырылғандарының үлесі | % | желтоқсан (жылдық) | ҚР БҒМ әкімшілік деректер |
| 28 | Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда 14-29 жастағы тұрғындардың қанағаттанушылық деңгейі | % | желтоқсан (жылдық) | ҚР БҒМ және ЖАО әлеуметтанушылық зерттеу қорытындылары |
| 29 | Типтік жастағы (14-24 жас) жастардың техникалық және кәсіптік біліммен қамтылу үлесі | % | желтоқсан (жылдық) | ҚР БҒМ ведомстволық есептілігі |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 30 | Мемлекеттік желілер нормативіне сәйкес жалпы орта білім беру ұйымдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | % | қараша ( жылдық) | ЖАО ведомстволық есептері |
| **Денсаулық сақтау** | | | | |
| 31 | Аналар өлім-жітімін төмендету | 100 мың тірі туылғандарға шаққандағы саны | мамыр ( жылдық) | ҚР ДСӘДМ ведомстволық есептілігі |
| 32 | Нәресте өлім-жітімін төмендету | 1000 тірі туылғандарға шаққандағы саны | сәуір ( жылдық) | ресми статистикалық деректер негізінде ЖАО есептері |
| 33 | Жаңадан пайда болған қатерлі ісік аурулардан болатын өлім-жітімді төмендету | 100 мың тұрғынға шаққандағы саны | мамыр (жедел) қыркүйек ( жылдық) | ресми статистикалық деректер негізінде ЖАО есептері |
| 34 | 15-49 жас ерекшелігі тобындағы адамның иммун тапшылығы вирусының таралуы, 0,2-0,6 % шегінде | % | ақпан ( жылдық) | ҚР ДСӘДМ ведомстволық есептілігі |
| **Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау** | | | | |
| 35 | Жұмыссыздық деңгейі | % | наурыз ( жылдық) | ресми статистикалық деректер |
| 36 | Жұмысқа орналастыру мәселелер бойынша жүгінген адамдардың ішінен жұмысқа орналастырылғандардың үлесі | % | қаңтар ( жылдық) | ҚР ДСӘДМ ведомстволық есептілігі |
| 37 | Жүгінген нысаналы топтардың ішінен тұрақты жұмысқа орналасқандардың үлесі | % | қаңтар ( жылдық) | ҚР ДСӘДМ ведомстволық есептілігі |
| 38 | Өндірістік жарақат деңгейі (1000 адамға жазатайым оқиғалардың жиілік коэффиценті) | - | қаңтар ( жылдық) | ҚР ДСӘДМ ведомстволық есептілігі |
| 39 | Жергілікті атқарушы органдар берген рұқсаттар бойынша тартылатын шетелдік жұмыс күшінің құрамындағы білікті мамандардың үлес салмағы ( шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квота бойынша) | % | қаңтар ( жылдық) | ҚР ДСӘДМ ведомстволық есептілігі |
| 40 | Атаулы әлеуметтік көмек алушылар ішіндегі еңбекке жарамды адамдардың үлесі | % | ақпан ( жылдық) | ҚР ДСӘДМ ведомстволық есептілігі |
| 41 | Арнайы әлеуметтік қызметтерді көрсете отырып қамтылған адамдардың үлес салмағы (оларды алуға мұқтаж адамдардың жалпы санының ішінде) | % | ақпан ( жылдық) | ЖАО мәліметтері бойынша ҚР ДСӘДМ есептері |
| 42 | Жеке сектор субъектілері (оның ішінде, үкіметтік емес ұйымдар) ұсынатын арнайы әлеуметтік көрсетілетін қызметтермен қамтылған адамдардың үлесі | % | ақпан ( жылдық) | ЖАО мәліметтері бойынша ҚР ДСӘДМ есептері |
| **Мәдениет** | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 43 | 1000 адамға шаққандағы мәдениет ұйымдарына келушілердің (келу) орташа саны | адам | | ресми статистикалық деректер |
| 43.1 | Кітапханаға келушілер | | наурыз | |
| 43.2 | Театрға келушілер | | ақпан | |
| 43.3 | Концерттік ұйымдарға келушілер | | сәуір | |
| 43.4 | Мұражайларға келушілер | | наурыз | |
| **Дене шынықтыру және спорт** | | | | |
| 44 | Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтарды қамту | % | ақпан (жылдық) | ҚР МСМ ведомстволық есептілігі |
| 45 | Балалар мен жас өспірімдер жалпы санына қатысты<br>7 пен 18 жас аралығында балалар-жас өспірімдер спорт мектептерінде және спорт клубында дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын балалар мен жас өспірімдерді қамту | % | ақпан (жылдық) | ҚР МСМ ведомстволық есептілігі |
| **Туризм** | | | | |
| 46 | Өткен жылмен салыстырғанда ішкі туризм бойынша орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер санының өсуі (резиденттер) | % | сәуір (жылдық) | ресми статистикалық деректер негізінде ЖАО есептері |
| 47 | Өткен жылмен салыстырғанда сырттан келу туризмі бойынша орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер санының өсуі (резиденттер емес) | % | сәуір (жылдық) | ресми статистикалық деректер негізінде ЖАО есептері |
| 48 | Өткен жылмен салыстырғанда ұсынылған төсек-тәулік санының өсуі | % | сәуір (жылдық) | ресми статистикалық деректер негізінде ЖАО есептері |
| **Үш тілді дамыту** | | | | |
| 49 | Мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесі | % | ақпан (жылдық) | ЖАО ведомстволық есептері |
| 50 | Ағылшын тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесі | % | ақпан (жылдық) | ЖАО ведомстволық есептері |
| 51 | Үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын) меңгерген ересек тұрғындардың үлесі | % | ақпан (жылдық) | ЖАО ведомстволық есептері |
| **Бағыты: Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп** | | | | |
| 52 | Көшелерде жасалған қылмыстардың үлес салмағы | % | қаңтар (жылдық) | ҚР БП ҚСАЕК ведомстволық есептілігі |
| 53 | 100 зардап шеккен адамға шаққандағы жол-көлік оқиғаларынан қайтыс болғандар санын төмендету | бірлік | қаңтар (жылдық) | ҚР БП ҚСАЕК ведомстволық есептілігі |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 54 | Жас өспірімдер жасаған қылмыстардың үлес салмағы | % | қаңтар ( жылдық) | ҚР БП ҚСАЕК ведомстволық есептілігі |
| 55 | Бұрын қылмыс жасаған адамдардың жасаған қылмыстарының үлес салмағы | % | қаңтар ( жылдық) | ҚР БП ҚСАЕК ведомстволық есептілігі |
| 56 | Төтенше жағдайларға қарсы іс-қимыл инфрақұрылымының қамтамасыз етілу деңгейі | % | ақпан ( жылдық) | Ж А О ведомстволық есептері |
| **Бағыты: Инфрақұрылым** | | | | |
| **Байланыс және коммуникация** | | | | |
| 57 | 100 тұрғынға телефон байланысының тіркелген желісінің тығыздығы | бірлік | қаңтар (жедел ) мамыр ( жылдық) | р е с м и статистикалық деректер |
| 58 | Интернетті пайдаланушылардың үлесі | % | наурыз ( жылдық) | р е с м и статистикалық деректер |
| 59 | Халықтың цифрлық сауаттылығының деңгейі | % | наурыз ( жылдық) | р е с м и статистикалық деректер |
| **Құрылыс** | | | | |
| 60 | Құрылыс жұмыстарының нақты көлемінің индексі | % | қаңтар (жедел ) маусым ( жылдық) | р е с м и статистикалық деректер |
| 61 | Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы | мың шаршы метр | қаңтар (жедел ) шілде ( жылдық) | р е с м и статистикалық деректер |
| 62 | Әлеуметтік, көліктік инфрақұрылымның паспортталған объектілерінің жалпы санының ішіндегі мүгедектер үшін қолжетімділікпен қамтамасыз етілген әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің үлесі | % | ақпан ( жылдық) | ЖАО мәліметтері бойынша ҚР ДСӘДМ есептері |
| **Жолдар мен көлік** | | | | |
| 63 | Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының үлесі** | % | қаңтар ( жылдық) | ҚР ИДМ Автожолдар комитетінің ведомстволық есептілігі |
| 64 | Жолаушылар автокөлігі қатынасымен қамтылмаған елді мекендер үлесі** | % | қаңтар ( жылдық) | ҚР ИДМ Көлік комитетінің ведомстволық есептілігі |
| | **Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылығы** | | | |
| 65 | | % | | ҚР ҰЭМ ҚТКШІжЖРБК |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Күрделі жөндеуді талап ететін кондоминиум объектілерінің үлесін төмендету | | ақпан (жылдық) | ведомстволық есептілігі |
| 66 | Қалаларда орталықтандырылған қолжетімділік: | % | ақпан (жылдық) | ҚР ҰЭМ ҚТКШІжЖРБК ведомстволық есептілігі |
| 66.1 | сумен жабдықтау | | | |
| 66.2 | су бұрумен жабдықтау | | | |
| 67 | Ауылдық елді мекендерде орталықтандырылған қолжетімділік:** | % | ақпан (жылдық) | ҚР ҰЭМ ҚТКШІжЖРБК ведомстволық есептілігі |
| 67.1 | сумен жабдықтау | | | |
| 67.2 | су бұрумен жабдықтау | | | |
| 68 | Жалпы ұзақтықтан жаңғыртылған желілердің үлесі : | % | ақпан (жылдық) | ҚР ҰЭМ ҚТКШІЖРБК ведомстволық есептілігі |
| 68.1 | жылумен жабдықтау | | | |
| 68.2 | газбен жабдықтау | | | |
| 68.3 | электрмен жабдықтау | | | |
| **Бағыты: Экология және жер ресурстары** | | | | |
| 69 | Су шаруашылығының (су шаруашылығының объектілері) және гидромелиоративті жүйелермен жабдықтардың негізгі капиталына мемлекеттік емес инвестициялардың нақты көлемі индексі | % | ақпан (жылдық) | ҚР АШМ ведомстволық есептілігі |
| 70 | Орман шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялардың нақты көлемі индексі** | % | ақпан (жылдық) | ҚР АШМ ведомстволық есептілігі |
| 71 | Ағаш егу шаруашылығы плантациясының негізгі капиталына мемлекеттік емес инвестициялардың нақты көлемі индексі** | % | ақпан (жылдық) | ҚР АШМ ведомстволық есептілігі |
| 72 | Жануарлар дүниесін қайта өндірудің негізгі капиталына тартылған мемлекеттік емес инвестициялардың нақты көлемінің индексі** | % | ақпан (жылдық) | ҚР АШМ ведомстволық есептілігі |
| 73 | Тұрмыстық қатты қалдықтардың түзілуіне байланысты оларды кәдеге жарату үлесі | % | мамыр (жылдық) | ЖАО ведомстволық есептері |
| 74 | Облыстың, республикалық маңызы бар каланың, астананың халқын қалдықтарды жинау және тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтермен қамту | % | ақпан (жылдық) | ЖАО ведомстволық есептері |
| 75 | Экологиялық талаптар мен санитариялық қағидаларға сәйкес келетін тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыру объектілерінің үлесі ( оларды орналастыру орындарының жалпы санынан) | % | ақпан (жылдық) | ЖАО ведомстволық есептері |
| 76 | Ластаушы заттардың нормативті көлемі: | млн.тонна | қаңтар (жылдық) | ҚР ЭМ ведомстволық есептілігі |
| 76.1 | - атмосфераға шығарындылар | | | |
| 76.2 | - су объектілеріне төгінділер | | | |
| 77 | Жергілікті атқарушы органдардың қарамағында орналасқан мемлекеттік орман қоры аумағында орманмен жабылған алқап ауданы** | мың.га | ақпан (жылдық) | ҚР АШМ ведомстволық есептілігі |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 78 | Жергілікті атқарушы органдардың қарамағында орналасқан мемлекеттік орман қоры ауданында бір орман өртінің орташа ауданы** | мың.га | ақпан (жылдық) | ҚР АШМ ведомстволық есептілігі |
| 79 | Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің ауыл шаруашылығы айналымына тартылған үлесін ұлғайту** | % | ақпан (жылдық) | ЖАО ведомстволық есептері |
| 80 | Жыртылған жер құрамындағы ауыспалы егіс үлесі (ауыспалы егіс алқабы)** | % | ақпан (жылдық) | ЖАО ведомстволық есептері |
| 81 | Табиғи жайылымдық жерлердің құрамындағы жайылымдық ауыспалы егістің үлесі (азықтық ауыспалы егіс)** | % | ақпан (жылдық) | ЖАО ведомстволық есептері |
| **Бағыты: Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер** | | | | |
| 82 | Жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасына қанағаттанушылық деңгейін арттыру | % | ақпан (жылдық) | ҚР МҚІМ ведомстволық есептілігі |

**ЕСКЕРТПЕ:**

* тиісті орталық мемлекеттік органдар өнеркәсіп және агроөнеркәсіптік кешен салаларында (Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі 10% және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі 10%) жергілікті атқарушы органдар үшін базалық көрсеткіштер тізбесінің жалпы 20%-нан аспайтын мөлшерінде салалар бойынша қосымша нысаналы индикаторларға бастама жасай алады

** Республикалық маңызы бар қаланы және астананы қоспағанда жергілікті атқарушы органдардың көрсеткіштері

**Аббревиатуралардың толық жазылуы:**

ҚР АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ҚР БП ҚСАЕАК – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ҚР ДСӘДМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі

ҚР ИДМ – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі

ҚР Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ҚР МСМ – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

ҚР МҚІМ – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігі

ҚР ҰЭМ ҚТКШІжЖРБК – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті

ҚР ІІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ҚР ЭМ – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

АДБ – Аумақтарды дамыту бағдарламасы

ҚР ИИДМБ – Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК